

Кейбір санаттағы зейнеткерлердің әлеуметтік қорғалуын жақсарту және оларды материалдық жағынан қолдау туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 16 қараша 1994 ж. N 457-ө.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының экономикасын дамытуға зор жеке үлес қосқан кейбір санаттағы зейнеткерлердің (тізбе қоса беріліп отыр) әлеуметтік қорғалуын жақсарту және оларды материалдық жағынан қолдау мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы емдеу-сауықтыру бірлестігі осы құрамдағы зейнеткерлерді зейнеткерлікке шыққанға дейін өздері емделген емдеу-алдын алу мекемелерінің тиісті бөлімшелері мен үшінші терапевтік б ө л і м ш е с і н е т і р к е с і н .

2. Облыстардың, Алматы, Ленинск қалаларының әкімдеріне, Қазақстан Республикасы Президент Аппараты мен Министрлер Кабинетінің Шаруашылық Б а с қ а р м а с ы н а :

алынатын зейнетақы мөлшерінде жыл сайынғы бір жолғы жәрдемақы және жерлеуге сол мөлшерде жәрдемақы төлеу түрінде материалдық қолдау көрсету үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен қажетті қаражат іздеп табу;

зейнеткерлердің айына 20 сағатқа дейін автомобильдер шақыртуына рұқсат б е р у ;

азық-түлік (көкөніс) ассортименті және қызмет көрсету мәдениеті бойынша тапсырыс-столдары арқылы азық-түлікпен қамтамасыз етуде тиісті жағдайлар ж а с а у ;

зейнеткерлерге үнемі қамқорлық жасап, олардың әлеуетін және республиканы мемлекеттік-шаруашылық жағынан басқару тәжірибесін пайдалану, оларды салтанаттарға, мерейтойлар мен басқа да мерекелік шараларға ш а қ ы р у ұ с ы н ы л с ы н .

3. Аталған шаралардың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жүктелсін.

Премьер-министрі